**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қараша N 1768

Сот шешімдерін орындау үшін, "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Z990473_ Заңына, " Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 P991408_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне соттардың шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің және орталық атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен соттар

шешімдерін орындау үшін қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен өндіріп алынатын 3 519 320 (үш миллион бес жүз он тоғыз мың үш жүз жиырма) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 28 қарашадағы N 1768
қаулысына қосымша

Орындалуға тиісті сот шешімдерінің
тізімі

---

N ! Соттың атауы ! Сот шешімінің күні!Мемлекеттік баж !Мемлекеттік
р\с! ! !шегерілген сома !баж (теңге)
! ! ! (теңге) !

---

1 Астана қаласының Г.К.Садуақасованың 244 000

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Алматы а\соты | пайдасына, 17.09.98 жылғы | | |
| 2 | Астана қаласының соты | Т.Т.Ташеновтің пайдасына, 20.05.98 жылғы | 1 000 000 | |
| 3 | Павлодар қаласының Ильичев аудандық соты | К.З.Айтмырзаның пайдасына, 04.02.2000 жылғы | 1 000 000 | 320 |
| 4 | Астана қаласының Алматы а/соты | Б.Д.Жуандықовтың пайдасына, 28.12.99. жылғы | 500 000 | 15 000 |
| 5 | Алматы қаласының Бостандық а/соты | Е.А.Қуандықовтың пайдасына, 04.12. 98 жылғы | 760 000 | |
| | Жиыны | | 3 504 000 | 15 320 |
| | Жалпы сомасы | | 3 519 320 | |

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК